



БҰЙРЫҚ

20 26 жылғы 18 02 № 06-3/133

Ақтөбе қаласы

ПРИКАЗ

город Актюбе

**Үкіметтік емес ұйымдар үшін
2026 жылға арналған мемлекеттік
гранттың басым бағытының
тізбесін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2022 жылғы 26 қыркүйектегі № 406 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік гранттарды қалыптастыру, беру, мониторингтеу және олардың тиімділігін бағалау қағидаларының 9-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Үкіметтік емес ұйымдар үшін 2026 жылға арналған мемлекеттік гранттың басым бағытының тізбесі *(бұдан әрі – Тізбе)* бекітілсін.

2. Ақтөбе облысының ішкі саясат басқармасының саяси партиялармен және үкіметтік емес ұйымдармен жұмыс бөлімі осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Тізбені басқарманың интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Ақтөбе облысының ішкі саясат басқармасының саяси партиялармен және үкіметтік емес ұйымдармен жұмыс бөлімі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы бұйрықтан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Ақтөбе облысының ішкі саясат басқармасының басшысы орынбасарына жүктелсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Басқарма басшысы

Ә. Байнешов